

**Қазақ тілі оқытушысының 2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : ЖШС "Iskakov Trade" мини-центр "Ақбота"

Топ: «Сұңқар» ересек топ

Балалардың жасы: **4-5 жастан**

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p> <ol style="list-style-type: none">1) қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;2) сөйлеу тілін және артикуляциялық аппаратты дамыту. <p>Сөздік қор:</p> <ol style="list-style-type: none">1) қоршаған ортада жиі қолданылатын сөздер туралы білімді кеңейту;2) таныс сөздерді күнделікті өмірде қолдануды үйрету. <p>Сөйлеудің грамматикалық құрылымы:</p> <ol style="list-style-type: none">1) 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдерді түсінуді және сөз тіркестерін құруды үйрету;2) сөйлеуде зат есімдердің жекеше және көпше түрін қолдану дағдысын қалыптастыру; <p>Байланыстыра сөйлеу.</p> <p>Сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруді үйрету. Қысқа шығармаларды тыңдауды, түсінуді, тақпақтар оқуды үйрету.</p>